

ЖАС МАМАН - ЖАҚСЫ БАСТАМА

Жолың болсын, бара ғой, айналайын,
Айналайын, қорғаушың, қарғадайым!
Кәсібің мен сенің басымды ием,
Басымды ием, несіне арланайын...

М. Мұқағали



Б. Меруерт

Дәрігер мамандығы – өте абыройлы да жауапты іс. Өйткені адамның денсаулығы, кейде өмірі дәрігерге байланысты. Біріншіден, дәрігер – рухы биік, парасатты, халыққа қызмет етуге барын салуға дайын адам. Дәрігер мамандығы – ерлік. Дәрігердің кішкентай болса да қателесуге құқығы жоқ. Олардың нағыз майдангер адам екені, жылдың кез

келген мезгілінде, күндіз де, түнде де көмекке асығуы керек екені, ол ержүрек, батыл, зейінді, мейірбан, сезімтал болуы керек екені айтпаса да түсінікті. Нағыз дәрігер – ең алдымен адамдарды жақсы көріп, кәсіпқой болып және өз жұмысын жан-тәнімен сүйіп, ләззат алуы өте маңызды.

Дәрігердің сабырлылығы мен сенімділігі науқасқа әл беріп, оның қалпына келуіне көмектеседі. Дәрігер – ұлттан тыс, саясаттан тыс, уақыттан тыс адам. Нағыз дәрігер үшін жаман немесе жақсы, кедей немесе бай, адал немесе қылмыскер болмайды. Бәріне адам деп, ғана қарайды.

«Су басынан тұнады»-дейді халық. Аймақтық денсаулық басқармасының басына Н.Сәкен мырза келгелі денсаулық саласына келелі істер жолға қойылған сияқты. Соның бір саласы Сағсай сұмынындағы денсаулық орнының жұмысында ойдағыдай жүріліп келеді. Т.Нұрлан басқаратын отызға жуық қызметкерлер еңбек ететін аурухана ұжымын әрбір қызметкерлері өз жұмыс жауапкершілігін сезініп, халыққа қалтқысыз қызмет жасап келеді. Әйелдердің аға дәрігері А.Ербол, Ішкі ағзалар дәрігері Б.Нұрсәуле, Балалар дәрігері Х.Ләйла қатарлы ұл, қыздарымыз өз маманына еге болып, ел алғысына бөленуде. Емханалары да қажетті ем-дәрілермен толық қанымдалып, аптекашылары Г.Майра мен К.Айгүлде көпшіліктің көңілінен шығып, даяшылық көрсетуде.

Осы ұжымның ішінде өзінің іскерлігімен адамдармен қарым қатынасымен ерекше көзге

түсіп, ел алғысына бөленген жастардың біреуі туралы тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. Ол жас болса да өз ісінің шебері Меруерт Бақытқызы. 1999 жылы Цэнгэл сұмынында туған жас маман 11-сынып бітіргеннен кейін, Улаанбаатар қаласы Этуған университетінен аға дәрігер мамандығын табысты бітіріп келді. Сағсай сұмынындағы Торғауыт, Бикан деген қос мұғалімнің кенжесі Ганбатпен көңіл жарастырып ұстаздар жаңа ардақты келін болып түседі. Сағсай сұмыны ауруханасында әлеуметтік денсаулық қызметкері болып жұмыстап келеді. Өз жұмысын сүйіп атқаратын бұл қызымыз жаңа бастамалар шығарып, әсіресе қарттарға, қоғамның нәзік тобына бағытталған көптеген шаруалардың басынан көрініп келе жатуы бізді қатты қуантады. Өткен жылғы «Қарияларға көмек көрсету» жылы аясында сұмын көлеміндегі 350-дей қариялардың арасына «ем-дәріні тиімді, дұрыс қолдану» туралы апталық оқыту семинария жүргізуі соңында ақ дастархан жайып күтіп алуы, қарттар үшін жасалған үлкен қамқорлық болды. Осындай кішпайлдігіне, әлеуметтік әртүрлі қызметтеріне қариялар қауымы разы болып батасын берді.

Адам баласы соның ішінде қоғамның нәзік тобы мейрім мен қамқорлыққа мұқтаж болған бүгінгі қоғамда Меруерттей жас мамандар ауадай қажет.

Адамның мұңын, қасіретін сезіну – дәрігердің ең биік мақсаты.

Жәнабіл КӨТІБАЙҰЛЫ
Сағсайлық белсенді тілшіміз

Атамекеннен-аз аял



БІЛІМ ОРДАСЫНАН БІРЕР МӘТІН

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ БІЛІМ ОРДАСЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіміз <https://www.kaznu.kz> 1934 ж ашылған еді. Сол кезеңде 94 студент, 25 оқытушы болған.

Университетке 1993 ж ғұлама ғалым, екінші ұстаз Әбунасыр әл-Фараби атымыздың есімі берілді.

Бұл университет қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жетекші жоғарғы оқу орны ретінде мақтанышы. Жыл сайын осы университет қабырғасында білім алғысы келетін талапкерлер саны артуда екенін уақыт көрсетіп отыр. Университетте жаратылыстану бағытында көптеген факультеттер жұмыс істейді, осы факультеттерге тоқтала кетсек:

Биология факультеті 1934 жылы ҚазМУ ашылғаннан бастап құрылған алғашқы факультеттің бірі. Құрамында 4 кафедра бар: биологический және биоресурстар, биотехнология, молекулалық биология және генетика, биофизика және биомедицина, сондай-ақ биоклиника және агробиостанция.

Физика-техникалық факультеті - қазіргі физика-техникалық кластердің орталығы. Факультетте ғылыми-техникалық жобалар саны тұрақты өсіп келеді және де заманға сай жабдықталған жаңа зертханалар құрылуда.

География және табиғатты пайдалану факультеті. Факультетте Колумбиялық Университет (Нью-Йорк, АҚШ), Лиссабон Политехникалық Университеті (Португалия), Халықаралық табиғат, қоғам және адам университеті «Дубна» (Ресей) және басқа да шетелдік университеттермен бірлесіп отырып ТМД мемлекеттерінің ішінде жалғыз, халықаралық «Тұрақты даму жөніндегі» ЮНЕСКО кафедрасы құрылған.

Медицина және денсаулық сақтау факультеті білім беру, ғылыми-әдіснамалық, сараптамалық-консалтингтік, консультативті-диагностикалық және халықаралық алаң болып табылады. Негізгі қызметі – Қазақстанда, Орталық Азияда қоғамдық денсаулық сақтау саласына қажетті мамандарды дайындау.

Механика – математика факультеті 1934 жылы негізі қаланған. Факультет математикадан, механикадан мамандар оқытып шығарады.

Химия және химиялық технология факультеті. Факультет 3 мамандық бойынша бакалавр, 8 мамандық бойынша магистрлар мен PhD докторларын дайындайды.

Ақпараттық технологиялар факультеті 2018 жылдың 15 қаңтарында ашылды. Қазақстанда базалық лейтмотивті ақпараттық технологияны өмірдің барлық салаларында қолдану және дамыту болып табылатын «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданған болатын. Осы саладағы мамандарды дайындау мақсатында факультетте «Жасанды интеллект және BigData» кафедрасы ашылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания), Thomson Reuters (США) агенттіктерінің зерттеулеріне сәйкес, дүние жүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша әлемдік топ-университеттер рейтингінде 165 дәрежеге енген, БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасына қабылданған әлемдік үздік университеттердің ортаңғы бөлігіндегі Орталық Азиядағы тұңғыш университет. Осындай көрсеткіштер ҚазҰУ – іні Қазақстан Республикасының аса ерекше, жетекші жоғарғы оқу орны деп айтуымызға толық мүмкіндік береді және мақтан тұтамыз.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушылары **Үсенбекова А.Е.,**
Бекалай Н.Қ., Нурмаханова А.С

ҰЛЫ ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

2022 жылғы 27 желтоқсанда Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің <https://www.kaznu.kz> жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің доценті С.А. Сартаевтың жетекшілігімен «Әдеби үдеріс контекстіндегі Ш. Мұртазаның шығармашылығы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференция ұлы жазушы және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына арналды.

Конференцияның мақсаты Ш. Мұртазаның әдеби, қоғамдық және саяси қайраткер ретіндегі шығармашылығын талдау.

Халықаралық конференцияның модераторы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы, ф.ғ. к., қауым. профессоры Суатай С.Қ. болды.

Конференцияда «Егемен Қазақстан» газетінің құрметті

тілшісі, журналист, жазушы Гүлзейнеп Садырқызы Ш.Мұртазаның қалыптасуы мен шығармашылығы туралы сөз сөйледі. ҚазҰУ филология факультеті Шетел филологиясы және аударма кафедрасының доценті Сүлейменова Г.С. Әл-Фараби шығармалар: романдар, очерктер мен мақалалар призмасы арқылы патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікке ерекше назар аударып отырып, ағылшын тілінде сөйледі. Моңғолиядағы Ұлан-Батыр қаласындағы «Баян-Өлгий» телеарнасының тілшісі Алейхан Айбота мен А.К.Бегалиева бірлесіп жазған тақырыбы: Абай мен Ш.Мұртазаның шығармалары негізінде салыстырмалы талдау мен өз философиясын ұсынды.

Конференция онлайн /оффлайн және Zoom аралас форматында өтті, сондықтан Ұлыбритания, Венгрия, Моңғолия, Түркия және Ресей ғалымдары қатысты.

ПОҚ секцияларында және қонақтар ҚР ұлы жазушысы Шерхан Мұртазаның шығармашылығын түрлі бағыттарда талдап, талқылады; Ш.Мұртазаның шығармаларын зерттеу және Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне әсері; Ш. Мұртазаның медиа-кеңістіктегі шығармашылығы; қазақ тілінің қоғамның дамуына, қоғамдағы мәдени-тілдік дәстүрлерді қолдауға әсері тағы басқа қырларынан ашылып конференция талапқа сай дәреже өтіп өз мәресіне жетті.

Барлық шақырылған қонақтар мен профессор-оқытушылар құрамы конференция жоғары деңгейде өтті деген қорытындыға келді, сондықтан ұлы жазушы және қоғам қайраткері Ш.Мұртазаның бай шығармашылығын зерттеуді жалғастыру және кеңейту қажет.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушылары: **Ж.Т.Бимағамбетова, А.Ш.Муртаза, М.Н.Нурғалиева**

«ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КІЛТІ-БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы осы мақсатта ауқымды іс атқарып келеді. Мұнда дәрістен тыс атқарылатын тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралары қоғамымызға қосылған ауқымды мәдени бағыттағы істерінің маңызын арттыра түспек. «Тәрбиесіз берген білім-қауіпті» деген Әл-Фарабидің сөзі рас. Шәкірт бар жақсылықты оқу орнының қабырғасында қалайды, таланты ашылады, ортаға бейімделеді, шыңдалады. Халқымыздың ұлттық руханиятын еселеуге, оның дәріптеуге арналған іс-шаралар жастардың рухани дамуына, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына қалыптастыруда шын мәнінде мағыналы, пайдалы деп айта аламыз. Қызықты сайыстар, білім бәсекелері, өнер фестивальдары жыл сайынғы дәстүрлі мерекелерге айналған. Кафедрадағы пәндік бағыттағы клубтар мен үйірмелердің жоғарына сай өткізілген кештер мен тәрбиелік сағаттар тақырып жағынан да, мән-мағынасы жағынан да терең, маңызды. Солардың бірі – «Мұражай тану» клубы әсерлі саяхат ұйымдастырды. Мұражайдың маңызы зор, өйткені мұражайда шығармашылық өнермен және басқа эпоханың адамдарының мәдениетімен таныстырылады. Бұның бәрі тыңдаушының ойлау қабілетін кеңейтеді, өзінің Отанына деген махаббатын оятады. Біздің мұражайда қазақ халқының тұрмысы (киіз үй, көне ыдыстар, бұйымдар, киімдер, әшекейлер) бар. Мұндағы экспонаттардан қазақ халқының өткен тарихын ғана емес, сонымен қатар қазіргі өмірінде көруге болады. Мұражай фондында қолымен ұстап көруге болатын: фотолар, кітаптар, қару жарақтар, киімдер, ыдыстар, әшекейлер жиналған. Шетелден келген қандас бауырларымызқызығушылықпен тындап, сонымен қатар өз елінің тарихын, әдебиетін, ғылымын біліп, танып, өз есерлерімен бөлісті. Мұражайға тағыда келгісі келетіндерін айтты. Факультетімізде тек қазақ жастары ғана білім алмайды, мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен келген шетелдік азаматтар да білім алып, қазақ тілін үйреніп, қазақтың салт-дәстүрімен танысып, тарихын, мәдениетін игеруде. <https://www.kaznu.kz> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып, білім алу кез-келген жастың арманы. Оған дайындық кафедрасының білікті ұстаздары кәсіби білім беріп, жоғары деңгейде оқуға түсуге мұрындық болуда. Білімді жастар еліміздің болашағы. Сондықтан, жастар білімді сапалы алып, ұлттық мәдениетімізді бойына сіңірсе екен дейміз.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушысы **Габитова В.А.**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – БІЛІМ МЕН ТӨРБИЕ ОШАҒЫ

Жаһандану мен ақпараттандырудың қарқынды өсуі жағдайында рухани құндылықтар қоғамда маңызды рөл

атқарады. Рухани өмірді зерттеуге деген қызығушылық ғылымның, өнердің, білімнің және адами өмірдің басқа да маңызды аспектілерінің нақты өсуіне байланысты. Қоғамның рухани өмірі әрдайым адамның бойында білім мен тәрбие беру арқылы рухани құбылыстарды, құндылықтарды дарытуға көңіл бөледі. Қазіргі уақытта бәсекелестікке қабілетті, жоғары біліктілік ұғымдарымен қатар, жауапкершілікті, еңбекқор және адал ниетті маман сияқты адамгершілік қасиеттер де маңызды екені анық. <https://www.kaznu.kz> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті оқу-тәрбие үдерісі кезінде тыңдаушының оқу-танымдық белсенділігін арттыру, жастардың отанға деген сүйіспеншілігін ояту, халқының тарихын тереңінен танауға, әдеби-көркемдік талғамын дамытуға, қазіргі әлемдегі өркениеттік даму заманында жастардың шығармашылық әлеуетін көтеру сияқты бағдарда жүзеге асырылатын бастамаларды қолдау мақсатында түрлі іс-шаралар жүргізіліп келеді. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылар құрамы жоспарлы оқу бағдарламасынан тыс әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарға тыңдаушыларды ынталандыруда белсене еңбек атқарады. Оқу жылы басталғалы жоспарлы, дәстүрлі түрде мерейтойлық шаралар аясында тақырыптық тәрбиелік ашық сабақтар, концерттер, челленджер өткізіліп келеді. Кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен «Алтын күз» тақырыбында түрлі мерекелік шаралар өтті. Баршамызға белгілі, күз маусымында Жер анаңыз адам баласына ұсынар мол ырыс-несібесі диқандардың таңын атысы, күннің батысы тынбай еңбек етуінің арқасында қамбаға құйылады және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім-кең баятқа жерім» атты іс-шара ұйымдастырылуда. Оның негізгі идеясы – біздің қол жеткізген тәуелсіздігіміз қазақ халқының өз жері мен ел бірлігін сақтап қалу үшін ғасырлар бойы жүргізіп келген күресін баяндайтын көрініс. Тыңдаушылар белгілі тарихи тұлғалардың ұмтылмас көркем бейнелері арқылы олардың болашақ ұрпақтарының еркін елде, бостандықта, белгішсіздік пен келісімде өмір сүруін ғасырлар бойы армандап келгенін еңгімелеп берді. Өткізілген іс-шаралар тыңдаушылардың логикалық ой-жүйесін кеңейтуге, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға, ойлау және шығармашылық қабілетін жетілдіруге, белсенділігін арттыра түсуге, ой-өрісін дамытуға өз үлесін қосары сөзсіз. Қазіргі кезде осындай тәрбиелік сабақтар мен іс-шараларды өткізудің маңыздылығы өз кезегінде болашақта жастарымыздың мәдени, рухани деңгейі жоғары, дарынды және тәуелсіз тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізетініне үміт арттырады.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары **Габитова В.А., Уралбекова У.М., Сапаров М.Б.**

БҮГІНГІ ТАЛАПКЕР – ЕРТЕҢГІ КӘСІБИ МАМАН

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Бүгінгі талапкер – ертеңгі кәсіби маман» атты тақырыпта іс-шара өтті. Бұл шарада мамандық туралы ғалымдардың пікірімен және Кәсіби бағдар беру жұмысратымен танысты. Кәсіби бағдар беру жұмысы туралы қазіргі ақпараттық құралдардағы деректер мен әртүрлі қоғамдық пікірлерді саралай отыра, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеп, талдап, жүзеге асу мүмкіндіктерін қарастырып, ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауы және зерттеу талдау жұмыстары арқылы, отандық жастармен қатар шетел елдерде өмір сүріп жатқан қазақ жастарының менталитетін ескере отырып, оларға Қазақстанда кәсіби білім алудың жеке тұлғаға бағытталған білім берудің бейімделген оңтайлы әдісі арқылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен отандық өзге де оқу орындарының ғылыми әлеуетін таныту болып табылады. <https://www.kaznu.kz> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және мүмкіндігінше отандық өзге оқу орындарында «академиялық дербестік» қағидасы бойынша кәсіби мамандандырылған білім беру жүйесінде материалдық техникалық ресурстардың жаңғыртылуын бақылап талдау жұмыстарын жасап, отандық өзге оқу орындарында мемлекеттік және кешеше түрде серіктестік механизмінің кәсіби бағдар беру жүйесіне енгізілу үдерісіне талдау жұмыстарын жасау өте маңызды жұмыс болып табылады. Отандық жастармен бірге шетелдегі қазақтарды атажұртқа тартудың, олардың елімізге көбірек келуіне мүмкіндіктер туғызудың ең ұтымды жолдарының бірі – оқуға шақыру. Шетелдік қазақ жастарын білім алуға, еңбек етуге шақыруға, оларға кәсіби бағыт-бағдар беру, бейімдеу, ЖОО-на оқуға түсуіне, еңбекке араласуына көмектесуге бағытталған.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары **Габитова В.А., Сапаров М.Б.**